



ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Діндер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Діндер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Әлемдік діни дәстүрлер арасындағы түрлі айырмашылықтар мен ұқсастықтар

Әлемдік діни дәстүрлер арасында сан түрлі айырмашылықтар мен ұқсастықтар бар. Мысалы, Ислам өзінің бес парызының бірі ретінде зекетке немесе садақа беруге ерекше мән береді. Бұл әділетті қоғам құру, кедейлерге көмектесу және қанаушылықты жоюға қатысты жалпыға ортақ міндетті қамтиды. Христиандық дәстүрде бұл қайырымдылық пен ғұшыр идеясы ретінде таныс болғанымен, зекет қарапайым қайырымдылыққа қарағанда біршама маңызды және міндетті болуы мүмкін – ол сыйлықтан гөрі, салыққа жақын. Әлемдік дәстүрлер арасындағы ұқсастықтармен қатар, айырмашылықтар да айтарлықтай маңызды және жан-жақты болуы мүмкін.

Оптимистік көзқарасты ұстанатын діни плюралистер бұл айырмашылықтардың бәрін махаббат, рақымдылық және Алтын ереже сияқты жалпыға ортақ құндылықтарға әкеліп тоғыстырғысы келеді. Алайда, діни этика дегеніміз – тек махаббат пен рақымдылық қана емес екендігін байқау аса қиын емес. Егер барлық әлемдік діндердің рақымдылық, махаббат пен Алтын ереже туралы көзқарастары ұқсас болатын болса, онда киелі соғыстар мен діни зорлық-зомбылықты қалай түсіндіреміз? Егер діндердің барлығы, шын мәнінде, махаббат пен рақымдылық тақырыбындағы түрлі түсініктер болса, ендеше біз аса бір рақымшылықпен ерекшеленбейтін діни мәтіндер мен идеяларды қалай түсіндірмекпіз? Рақымды және бізді сүйетін Құдай жерді су тасқынымен жойып, тозақтағы жазалаумен қорқытып немесе сенімге қатысты адам шошытатын дәлелдерді талап ете ме? Рақымшыл және жүректері махаббатқа толы дінге сенушілер зинақорлар мен гомосексуалдарды таспен ұрып өлтіріп, сыйқыршыларды тірідей отқа өртей ме? Дінді түсіндірушілер бұл нәрселерді түрліше жеткізбек болғанымен, діни этиканың ерекше тұстары да рақымдылық немесе махаббаттың басты принципі сияқты мәнге ие.

Зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі

Тағы бір этикалық сұрақ дін мен этика туралы ой-толғаныстар контекстінде туындайды: айталық, бұл – зұлымдық мәселесі. Бұл мәселе - діни әралуандық проблемасының нақты бір мысалы, себебі түрлі діндер зұлымдық проблемасын әртүрлі амалмен шешеді. Әлемдегі азаптану мен зұлымдықты қалай түсіндіруге болады? Буддистер өмір азаптанумен немесе духқа ұғымымен сипатталады деп түсіндіреді. Олардың айтуынша, азаптану осы әлемнің өткінші игіліктеріне тәуелді болудан және заңға қайшы іс-әрекеттерден туындайды. Христиандар да зұлымдық мәселесімен күреседі. Бірақ христиандар үшін зұлымдықтың болуы метафизикалық проблема тудырады. Шексіз қайырымды және шексіз күдіретті Құдай жаратқан әлемде зұлымдық қалай пайда болуы мүмкін? Христиандық дәстүр, зұлымдық мәселесіне қарамастан, теодицеяларды немесе Құдайды шексіз күдіретті және бәрін білуші ретінде ақтауға талпынатын аргументтерді алға тартады. Аугустин және Лейбниц сияқты маңызды ойшылдар бұл мәселеге күнә мен ерік еркіндігіне баса назар аудара отырып, жауап берді. Аугустиннің пікірінше, алғашқы күнә Адам атадан бәрімізге беріледі. Лейбництің айтуынша, Құдай бізге жақсылық пен зұлымдық арасында таңдау жасау үшін ерік еркіндігін сыйлаған, әрі ол барлық ықтимал әлемдердің ең үздігі – еркіндікпен қатар оған байланысты зұлымдық мүмкіндігін қамтитын әлем деп сендіреді.

Гуманист-философтар мұндай пікірталастарды скептикалық сынға алды. Өмірдің бәрі – азап, ал азап тәуелді болудан туындайтынын біз қайдан білеміз? Құдайдың бар екенін, бұл Құдай еркіндікті жаратқанын, ал алғашқы күнә ұрпақтан ұрпаққа берілетінін біз қайдан білеміз? Діннен туындайтын метафизикалық қиындықтар гуманистік философтарға скептикалық көзқарас ұстануға себеп болатын мистериялар мен парадокстарға алып келеді.

Ерік еркіндігі туралы сұрақты қарастырып көрейік. Егер біз еркін болмасак, онда өз іс-әрекеттеріміз үшін жауапты емеспіз ғой – бұл жағдайда моральдық философияның дәлелдігі сенімсіз болып көрінеді. Танымал автор-атеист Сэм Харристің түсіндіруінше:



Сэм Харрис (9 сәуір 1967ж., Лос-Анджелес) – философия, дінтану және нейробиология салаларындағы америкалық публицист. Ең алдымен, атеистік дүниетанымның жақтасы және популяризаторы ретінде танымал.

«Мораль, құқық, саясат, дін, қоғамдық саясат, сырластық қатынастар, кінәлі болу сезімі мен жеке



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Діндер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

жетістіктер – біздің өміріміздегі таза адами болып табылатын нәрселердің басым бөлігі, байқауымызша, біздің бір-бірімізге еркін таңдауға қабілетті дербес тұлғалар ретінде қарауымызға тәуелді дүниелер... Ерік еркіндігі болмаса, күнаһарлар мен қылмыскерлер бар болғаны нашар реттелген сағат механизмі сияқты болар еді де, ал жазалауды ерекше атап көрсететін кез-келген әділдік теориясы мүлде қисынсыз болып көрінер еді».

Осыны мойындағанына қарамастан, Харрис адамдар туралы жаратылыстанушылық-ғылыми ілімге негізделген ерік еркіндігі идеясын теріске шығарып, сонымен қатар, мораль ерекше мәнге ие деп сендіреді. Философтар мың жылдар бойы ерік еркіндігі мәселесін талқылап келді. Кейбір ойшылдар толығымен себеп-салдарлық байланыстан түзілген ғаламда ерік еркіндігі бар деген пікірді жоққа шығарады. Басқалардың ойынша, ерік еркіндігі детерменизммен, яғни, себеп-салдарлық байланыспен үйлесе береді.

Еркін ерік – шексіз құдіретті, яки, бәрін билеуші және бәрін білуші, яки, шексіз білуші Құдайдың жаратқан ғаламында бізге тиесілі еркіндіктің ауқымы қандай деген сұрақтарды көтеретін христиандықтың өзінде де жұмбақ болып қала береді. Түрлі христиандық конфессиялар бұл сұраққа әртүрлі жауап береді, соның ішінде кейбірі Құдай кей нәрселерді алдын-ала шешіп қояды дейтін пешене немесе тағдыр идеясын атап көрсетеді, ал басқалардың бұл сұраққа берер жауабы басқаша. Басқа діндер ерік еркіндігі мәселесін сан алуан жолмен шешеді. Мысалы, буддистер мен индуистер ерік еркіндігіне сенетін болғанымен, осы бір кең ауқымды және күрделі дәстүрлерде ішкі айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтар жетерлік. Алайда буддистер, сайып келгенде, зұлымдықты жазалайтын Құдайға сенбейді. Есесіне, олар азаптану карма заңдарынан, себептер мен салдарлардың үздіксіздік байланысы заңынан туындайтынына сенеді: жаман әрекеттер азаптануға душар етеді, ал жақсылары – осы немесе келесі өмірде үлкен сыйға жеткізеді дейді олар. Карма идеясы ерік еркіндігімен үйлесе ме деген сауалға әлде де толымды жауап берілген жоқ. Конфуцийлік және даостік дәстүрлер де адамдардың таңдау еркіндігі бар деп тұжырымдайды. Бірақ конфуцийшілдік мұндай таңдау еркіндігі тағдырмен немесе пешенемен шектелген деп санайды, ал даосшылар табиғатпен үйлесімдікте бастан өткізілетін еркіндікті атап көрсетеді. Қытай дәстүрлерінде де айыптайтын немесе жазалайтын Құдай жоқ.

Жоғарыда келтіргеніміздей, діни плюрализм идеясы әлемдік діндердің этикалық «негізіне» баса назар аударады. Алайда, осыншама түбегейлі әртүрлі идеяларды қалайша келістіруге болатынын түсіну оңай емес. Стивен Протероның айтуынша, «әлемдік діни дәстүрлердің көптеген этикалық принциптері ортақ... Алтын ережені тек христиандық Библия мен яһудилік Талмудтан ғана емес, конфуцийлік және индуистік кітаптардан да табуға болады». Бірақ Алтын ереже – өте дәлелді ортақ бір идея деп айта алмаймыз. Философтар да Алтын ережені сынға алды. Алтын ереже проблемаларының бірі мынада: егер ол бізге жақындарымызды өзіміздей сүйді бұйырса, біз «жақындар» сөзіне анықтама беріп алуымыз қажет. Бұл біздің тек өзімізге қатысы бар адамдарды ғана – мысалы, дініміз ортақ адамдарды ғана жақсы көруіміз тиіс дегенді білдіре ме? Әлде біз өзіміздің географиялық немесе замандас ортамызда өмір сүрмейтін, яғни, өзімізден қашық тұратын және болашақ буындардың алдында да міндеттіміз бе? Тіпті біз Алтын ережені негізгі моральдық бастау нүктесі ретінде қабыл алғанның өзінде, бәрібір оны қолдануға қатысты қиын сұрақтар өзекті болып қала беретінін көреміз. Алтын ереже сексуалды этика, жасанды түсік, эвтаназия немесе өлім жазасына қатысты қалай қолданылады? Ал зұлымдыққа қатысты Алтын ереже бізге не дейді? Біз зұлымдардың жазасын беруіміз керек пе? Әлде біз Исаның өсиетіне бағынып, жақындарымызды сүйгеннен бөлек, жауларымызды да сүйіп, зұлымдыққа зұлымдықпен жауап беруден бас тартуымыз қажет пе деген сұрақты көтереді бұл кітаптың авторлары? Бұрыс әрекеттерге жауап беру мен зұлымдық мәселесі – күрделі моральдық сұрақ, ол тіпті нақты діни дәстүрлер аясында да әртүрлі қабылдануы мүмкін. Түрлі дәстүрлер – тіпті бір дәстүрдің аясындағы түрлі секталар мен конфессиялардың өзі – осындай қолданбалы этикалық сұрақтарға, соның ішінде зұлымдық қайдан шығады және біз онымен қалай күресуіміз керек деген сияқты аса терең сауалға әртүрлі жауап береді.

Біз философтар қорғайтын нормативті теориялар да мұндай проблемаға тап болатынына көз жеткіземіз: олар қарама-қайшылыққа толы болып көрініп, әртүрлі амалмен қолданылуы мүмкін. Алайда философиялық этикадағы түрлі теориялар арасындағы қайшылықтарды табыстыру, бәлкім, салыстырмалы түрде оңай шығар, себебі, әдетте, философиялық аргументтер немесе дәлел-дәйектер Қасиетті жазудың көне көздері сияқты қабылдау және аударудағы екіұштылыққа әкеліп соқтыра бермейді.

Белгілі бір негізгі моральдық принциптер мен басты адами құндылықтар төңірегінде әлемдік діндердің плюралистік конвергенциясын елестетіп, көз алдымызға келтіріп көрсек болады. Әйткенмен, осындай конвергенция орнамайынша, біз, айырмашылықтарымызға қарамастан, бірлесе өмір сүрудің қандай да бір амалын табуымыз қажет. Бірлесе өмір сүру проблемасы күннен күнге артып жатқан әралуандық мәселесіне



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Діндер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

орай күрделене түсуде. Неғұрлым көп және түрлі діндер өкілдері біздің ортақ өмірімізді қабыл алған сайын, біз өз дінімізге қайшы келсе де, бірге өмір сүруімізге жағдай жасайтын ортақ бір құндылықтар жиынтығын тауып, келісуіміз қажет.

Осы тұрғыда көтерілетін маңызды бір мәселе - зайырлы этика және толеранттыққа қатысты.

Зайырлы этика және толеранттық

Діни өзгешеліктерімізге қарамастан бірге өмір сүру жолдарын іздеу талпыныстары зайырлы этиканың пайда болуына алып келеді. Зайырлы сөзі «осы әлемге немесе осы заманға негізделген» дегенді білдіреді, яғни бұл діннің мәңгілігі мен басқа дүниені басты орынға қою ұғымына қарама-қарсы түсінік. Этикалық идея немесе теория зайырлы дегенде біз оның кез-келген діннің бастауынан ажыратылғанын меңзейміз. Зайырлы этика діни конфликттен өрбіп шығады, себебі түрлі діни топтардың мүшелері, өздерінің айырмашылықтарына қарамастан, бірігіп өмір сүруге келіседі. Шынында да, қазіргі батыс әлеміндегі зайырлы жүйе Протестанттық реформациядан басталып, бірнеше ғасырларға созылған діни соғыстардың барысында осылай қалыптасып, дамыды.

Он жетінші ғасырдың аяғында Ағарту дәуірінің еуропалық философтары қоғамға діни әралуандыққа деген толеранттық қажет деп сендірді. Секуляризмнің ерекшелігі – ол дін еркіндігі идеясы мен діни әралуандыққа толерантты, сабырлы, төзімді көзқарас білдіреді. Көпшілік үшін секуляризацияның алға ілгерілеуі - модернизацияның басты қыры: мәдениет пен саясат неғұрлым модернизацияланса, соғұрлым зайырлы бола бастайды. Соңғы зерттеулердің бірінде секуляризация «діннің мән-маңызы азырақ, ал зайырлы ақыл-сананың түрлі формалары пен зайырлы институттардың мәні басымдау әлемге жалпы беталыс, үрдісті білдіреді» деген тұжырым айтылады. Бұл үрдіс, кем дегенде, қазіргі заман кезінен күтіліп, секуляризация тезисін алға тартатын әлеуметтанушылық зерттеулерде квази-ғылыми мәртебеге ие болды». Сонымен, аталған зерттеу секуляризация тезисіне қатысты біршама сыни көзқарасты ұстанатын болса, бұл идея осыған дейін талқыланған БҰҰ құжатында кездесетін зайырлы космополиттік идеяларды тарату сияқты соңғы кезеңдердегі тарихтың басым бөлігін түсіндіруге көмектеседі. Әлбетте, әлемнің кей бөліктерінде, тіпті, Құрама Штаттардың кей жерлерінде де – мейлі, христиандық, мұсылмандық, яһудилік, индуистік немесе солар сияқтылар болсын – діни фундаментализм әлде де өте мықты күш болып қалуда, соның ішінде кейбір дінбасылар, діни жетекшілер әйелдерді бағынышты етуді, ғылыми натурализмге қарсы келуді жөн көріп, өткен ғасырлардың дәстүрлі идеяларын қолдауға талпынып жатыр.

Секуляризм туралы ой тарқатқан ең көрнекі философтардың бірі – Джон Локк, оның ой-пікірлері сіздерге ұсынылып отырған кітаптың 7-ші тарауында біршама тиянақты талқыланатын болады.



Джон Локк (1632-1704 жж.) – ағылшын педагогы және философы, эмпиризм мен либерализмнің өкілі. Сенсуализмнің таралуына ықпал еткен адам. Оның идеялары эпистемологияның және саяси философияның дамуына едәуір ықпал етті. Ол Ағартушылықтың ең көрнекі ойшылдары және либерализмнің теоретиктері ретінде кеңінен танымал.

1680-ші жылдары Локк өзінің маңызды өлшемшартқа айналған ықпалды «Толеранттық туралы хатын» жария етті. Локк мемлекет діни диссиденттерге толерантты, төзімді көзқарас білдіруі тиіс деп санайды. Локктың пікірінше, діни сенім күштеуге келмейтін ішкі наным мәселесі болып қала беруі қажет. Локк күш салу - шынайы діни сенімді қалыптастыру үшін тиімсіз амал деген негізгі көзқарасты ұстанады. Егер солай болса, онда мәжбүрлеуді қолдану арқылы сенім сәйкестілігін орнату бойынша саяси күштеу, сайып келгенде, тиімсіз болып қалады. Локктың айтуынша, рухани және азаматтық билік мүлде әртүрлі салаларда әрекет етуі тиіс – біріншісі сендіру және үндеу арқылы, ал екіншісі – мәжбүрлеу күші қолдау жасайтын заңдар арқылы. Діндер өз алдына жөні бөлек болып, рухани мәселелермен айналысуы тиіс. Ал мемлекет тек қоғамдық тәртіппен байланысты мәселелерге ғана жұмылуы керек. Бұл аргумент жиі «шіркеу мен мемлекеттің сепарациясы, яғни, ажырауы» деп аталатын конституциялық ілімнің негізін құрайды.

Локктың идеялары Джефферсон мен Құрама Штаттарының басқа да негізін қалаушыларына айтарлықтай әсер етті – әрі олардың этикалық және саяси ойға, соның ішінде БҰҰ-ның Адам құқықтары Декларациясында қамтылған идеяларға да ықпалы мықты болды. Толеранттық пен дін туралы сұрақты



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Діндер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі

Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

бірқатар көрнекі философтар да көтерді. Ұлы америкалық саяси философ Джон Роулз қазіргі қауымдар түрлі діни және моральдық дүниетанымдарды ұстанатын адамдар арасындағы «ірікпейтін бітімгершілікті немесе консенусты» дамытуға күш салуы қажет деді.

Джон Роулз (1921-2002 жж.) – америкалық саяси және моральдық философ, әлеуметтік либерализмнің теоретигі, АҚШ саясатының негізінде жатқан ішкі және халықаралық құқықтың либералды-мемлекеттік концепциясы құрушы.



Ол осы тереңнен тамыр жайған дүниетанымдарды «кешенді ілімдер немесе доктриналар» деп атайды. Роулзға сенсек, қоғамдар осы кешенді моральдық және діни идеяларға қатысты түбегейлі бітімге келуге талпынудың орнына, саяси саладағы келісімге келуге баса назар аударуы қажет. Бұл саяси әділдік теориясына алып келеді, оны Роулз «саяси либерализм», сондай-ақ, діни әралуанлыққа қатысты толеранттыққа ерекше мән беретін адам құқықтарының негізгі тұжырымдамасы деп атайды.

Роулздың мақсаты – ең жоғары ізгілік мәселесінде өзара келіспейтін адамдар ортасында әділ қоғам құрып, бірігіп, бейбіт өмір сүру амалын табу. Роулздың шешімі – дінге қатысты өзара келіспейтін адамдар арасында «ірікпейтін бітімгершілік» боларлық нәрселерді анықтау. Саяси мәселелер бойынша пікірлердің осындай ірікпес бітімгершілігі бізге зайырлы этика секілді дүниені: мүлде әртүрлі діни дәстүрлерді ұстанатын адамдар немесе мүлде дінге сенбейтін адамдар тарапынан құпталатын құндылықтар жүйесі мен әділ ережелерді қамтамасыз етер еді. Егер сіздерге бұл мәселе қызықты болса, Роулздың ықпалды әділет теориясы осы кітаптың 4 және 14 тарауларда егжей-тегжейлі талқыланады.

Роулздың көзқарасына қарама-қарсы, зайырлы терминін атеизмге теңестіріп, біршама радикал түсінетін адамдар бар. Кейбір діни адамдар «зайырлы гуманизм» ұғымын, атеизм сияқты басқаша қабылдап, айыптайды. Зайырлы гуманизм идеясының ең көрнекі жақтастарының бірі Пол Куртц зайырлы гуманизм этикаға қатысты діни емес ұстанымға негізделсе де, дінге сенушілер үшін қабыл алуға болатынын түсіндіру үшін көп еңбек етті.

Пол Куртц (1925-2012 жж.) – америкалық философ, гуманистік қозғалыстың қайраткері (бүкіл әлемге танымал гуманизм теоретиктерінің бірі саналады), ғылыми скептик.



Куртц кейінгі кездері өзі «неогуманизм» деп атайтын, атеистер мен дінге сенушілерді жаһандық этика төңірегінде келістірудің талпынысына көп көңіл бөлді. Куртцтың «Нео-Гуманистік Манифесті»: «адамзат баласының міндеті – жер бетіндегі өркениеттің басты этикалық принципі ретінде жер жүзіндегі әрбір адамның жеке тұлға ретінде бірдей ар-намыс пен құндылығы бар екендігін мойындау, әрі бұл ұлттық, этностық, діни, нәсілдік немесе тілдік өлшемдер мен сәйкестіліктермен шектелмейді» дейді. Куртцтың идеясы ортақ этикалық құндылықтарға негізделген космополиттік әлем туралы Ағартушылық идеясынан бастау алады.

Осы жерде біз секуляризм мен жаһандық этика критикасын да бір шолып өтсек.

Секуляризм мен жаһандық этика критикасы

Зайырлы принциптер төңірегіндегі жаһандық бітімгершілік туралы арман дінге байланысты көп ғасырдан бері келе жатқан конфликтілер мен дау-дамайлардың оңтайлы шешімі болып көрінуі мүмкін.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Діндер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Алайда мұны іске асыру мүмкін бе деген сұрақтың жауабы әлде де табылмады. Мұндағы елеулі проблеманың бірі – кейбір діни адамдар өз іліміне, доктринасына арқа сүйей отырып, секуляризмнің кез-келген «үшқынын» теріске шығаруында. Құдай өзінің әмірлеріне мүлтіксіз бағынуды талап етеді немесе бұл әмір-бұйрықтар мемлекеттің заңдарымен бекітілуі тиіс деп санайтын дінге сенушілер үшін Құдайды моральдың бастауы ретінде ашық түрде қабылдамайтын зайырлы этика моральдық тұрғыда күмәнді және күпірлі болып көрінеді.

Мұндай жауаптар толерантты көзқарас жақтастары үшін толеранттық парадоксы деп аталатын проблема тудыруы мүмкін. Бұл парадокс толерантты еместерге немесе толеранттық идеясының өзін теріске шығаратындарға сабырмен қараудың дәлелді себебі бар ма деген сұрақтың төңірегінде пайда болады. Толеранттықтың кейбір қорғаушылары мұндайда толеранттықтың да шегі бар деген пікірді мойындауға мәжбүр болады. Айталық, Локк толеранттық атеистерге де, католиктерге де бірдей тарқатылмауы тиіс деп санады. Ол атеистер Құдайға сенбейтін болғандықтан оларға сенім артуға болмайды, ал католиктерге сенбеудің себебі – олар Римге тым адал деген пікірді ұстанды. Локк толеранттықты қорғағанымен, ол төзімділік танытуға болмайтын адамдар бар деп санағаны анық. Біз Локк заманынан бері ұзақ жол жүріп өттік. Бірақ иудаизм, христиандық және ислам сияқты діндерде жаңа фундаменталистік қозғалыстардың пайда болуы толеранттық идеясының алдына жаңа міндеттер қойды. Айта кетейік, фундаментализм діни доктриналарды сөзбе-сөз түсінуді қатаң ұстанумен және секуляризм мен қазіргі заманға сай ымыраға келуге қарсылығымен ерекшеленеді. Саяси философ Юрген Хабермас «толерантсыздық тәжірибесіне жетелейтін фундаментализм демократиялық конституциялық мемлекет ұғымымен сыйыспайды» дейді.



Юрген Хабермас (18 маусым, 1929 ж.) – неміс философы және әлеуметтанушы. Франкфурт мектебінің өкілі саналады. XX ғ. екінші жартысындағы ең ықпалды саяси және әлеуметтік ойшылдардың бірі, коммуникациялық әрекет концепциясы мен дискурс этикасының авторы.

Оның тұжырымынша, «көпмәдени қоғамдарда ұлттық Конституция тек осындай фундаменталистік емес дәстүрлердің аясында қалыптасқан өмір формаларымен ғана үйлесе алады». Хаберманың айтуынша, біз фундаменталистік діни негіздерге қатысты толеранттықтың либералды-демократиялық принциптерін теріске шығаратындарға төзімділік танытпауымыз тиіс. Расында да, діни фундаменталистер зайырлы этиканың ортақ принциптерін бұзатын жағдайларды елестету қиын емес. Әскерде қызмет етуден немесе салық төлеуден бас тартатын діни пацифистерге, он үш жасар қыздар егде жастағы ер адамдарға тұрмысқа шығуын жөн көретін пасторларға, не болмаса, өз қыздарының жыныс мүшелерін сүндеттейтін діни қауымдарға қандай амал қолдансақ болады? Ал толеранттық емес бағдарламаларды ілгерілету үшін демократиялық саясатқа араласатын – немесе демократияның өзіне қарсы ашық түрде шығатын діни топтарға келгенде не жасауға болады? Көп жағдайда діни әралуандықты қабылдағысы келетіндердің өзі діни нанымдар мен тәжірибелер тұрғысынан төзуге болатын нәрселердің этикалық шектері бар деп айтуға мәжбүрлі.

Мұнда туындайтын және бір проблема – секуляризация, космополитизм мен модернизация, білуімізше, тікелей Реформациядан кейінгі Батыстың философиясы мен саясатынан бастау алады. Зайырлы және космополиттік этикаға қарсы айыптаулардың бірі оның Еуроцентрлік сипатта болуына байланысты, яғни, бұл идея тек еуропалық мәдениет пен тарихтың контекстінде ғана орынды дегенді білдіреді. Дін әлеуметтанушысы Хосе Казанованың айтуынша, космополитизм еуропалық Ағартушылықтың перзенті болып қала береді.

Мұндай сынның басым бөлігі саяси және экономикалық биліктің рөлімен байланысты. Осы ойлау мәнеріне сай, индивидуализм мен шіркеудің мемлекеттен ажырауына баса назар аударатын еуропалық мәдениет еуропалық отарлық билігімен қатар бүкіл әлемге тарап кетті. Кейбір адамдар мұны ілгері даму деп қабылдайтын болса, сыншылар бұл үрдісті мораль мен саясат туралы баламалы идеяларға нұқсан келтіретін еуропалық мәдениет пен құндылықтарды күштеп кірістіру ретінде қарастырады. Осындай бір сыни көзқарас Карл Маркстің басқарушы тапқа тиесілі еуропалық ойлау мәнерінің белгілі бір тармағының жемісі ретінде «буржуаздық моральға» қатысты сынынан да көрініс табады. Айтпақшы, осы тұста еске сала кетейік, марксистер дінді «халыққа арналған апиын», яғни, арғы өмірдегі сыйларды уәде ете отырып,



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Діндер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, зұлымдық және ерік еркіндігі мәселесі

Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

каналышы адамдарды әлеуметтік тәртіптегі әділетсіздікке көндіретін есірткі ретінде қабылдаған.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Immanuel Kant, “An Answer to the Question: ‘What Is Enlightenment?’” in Kant: Political Writings (Cambridge: Cambridge University Press, 1991).
2. John Hick, An Interpretation of Religion: Human Responses to the Transcendent, 2nd ed. (New Haven, CT: Yale University Press, 2005).
3. Dalai Lama, Kindness, Clarity, and Insight (Ithaca, NY: Snow Lion Publications, 2006).
4. Stephen Prothero, God Is Not One: The Eight Rival Religions That Run the World—And Why Their Differences Matter (New York: HarperCollins, 2010).
5. Sam Harris, Free Will (New York: Free Press, 2012).
6. Craig Calhoun, Mark Juergensmeyer, and Jonathan VanAntwerpen, Rethinking Secularism (New York: Oxford University Press, 2011).
7. Paul Kurtz, “Neo-Humanist Statement of Secular Principles and Values,” <http://paulkurtz.net/>
8. Jürgen Habermas, “Struggles for Recognition in the Democratic Constitutional State,” in Multiculturalism: Examining the Politics of Recognition, ed. Amy Gutmann (Princeton, NJ: Princeton University Press, 1994).
9. José Casanova, “Public Religions Revisited,” in Religion: Beyond a Concept, ed. Hent de Vries (New York: Fordham University Press, 2007).
10. Enrique Dussel, Beyond Philosophy: Ethics, History, Marxism, and Liberation Theology (Lanham, MD: Rowman & Littlefield, 2003).